

## **Бір өлең**

Тау өзені секілді арқырап ағып,  
Төгілген жырды жүргенде сарқырама ғып.  
Жанарға тұнып әлемнің әдемі шағы,  
Пенделік иіттің жетпедің нарқына неғып,  
Тексіз немелер қашанғы салтына бағып,  
Мүләймсіп жүріп, алады қалпыңа қанып,  
Алдыңа келіп алаңсыз сендіріп сені,  
Қанжарын қайрап жатады артыңа барып,  
Көлгірсіп жүріп, жайғасып қойныңа кіріп,  
Бірге өткізгенсіп жайраңдап, тойды да күліп  
Байқамайды—ау бейғамдау, бейкүнә басың,  
Қыл бұрауын кеткенін мойныңа да іліп,  
Ақынның жаны—ай, не деген арманың күшті ед,  
Аңғармайсың—ау тажалдың алғанын түстеп.  
Ақ жүрегінді айнала ала жүгіріп,  
Отырсың міне ақыры бармағын тістеп.,,  
**Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ.**